



**«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес
компаниясы» акционерлік қоғамы**

**«Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
«Халық-Life» еншілес компаниясы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді
2016 жылғы «22» ақпандағы № 18 хаттама**

**ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЕРІКТІ
АННУИТЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАСЫ**

Алматы қаласы, 2016 жыл

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Зейнетақы жинақтарын пайдалану арқылы ерікті аннуитеттік сақтандыру қағидасы (бұдан әрі мәтін бойынша – Қағида) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын пайдалану арқылы ерікті аннуитеттік сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – зейнетақы аннуитеті шарттары):

- 1) 63 жасқа толған ер адамдардың;
58 жасқа толған әйел адамдардың;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа; 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа; 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа; 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа; 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа; 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа; 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа; 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толған.

- 2) 55 жасқа толған ер адамдардың;
50 жасқа толған әйел адамдардың;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50,5 жасқа; 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51 жасқа; 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51,5 жасқа; 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52 жасқа; 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52,5 жасқа; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа; 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа; 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54,5 жасқа; 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа толған.

3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектердің пайдасына.

4) жиынтығында кемінде күнтізбелік алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген, елу жасқа толған адамдардың пайдасына жасасу тәртібін айқындайды.

1.2. Ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күні қолданыста болған ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болмағн жағдайда, Қағиданың 1.1-тармағында көрсетілген тұлғалар Сақтандырушымен өмірлік зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы.

1.3. Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары пайдаланылуы мүмкін.

1.4. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін, Қағиданың 1.1-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқығы бар.

1.5. Сақтанушының немесе оның өкілінің зейнетақы аннуитеті шартындағы қолы оның Қағидамен толық келісімінің растамасы болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Сақтандырушы – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы.

2.2. Сақтанушы – Қағиданың 1.1-тармағына сәйкес зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жеке тұлға.

2.3. Сақтандыру сыйлықақысы – зейнетақы аннуитеті шарты бойынша төленген ақша сомасы.

2.4. Сақтандыру жағдайы – басталған кезде зейнетақы аннуитеті шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

2.5. Сақтандыру төлемдері (әрі қарай – аннуитеттік төлемдер) – зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған мерзімдер басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға төлейтін ақша

сомасы.

2.6. **Кепілдік берілген сақтандыру (аннуитеттік) төлемдері** – Сақтанушының өмір сүруіне қарамастан, зейнетақы аннуитеті шартында айқындалған уақыт кезеңі ішінде Сақтанушыға немесе оның мұрагерлеріне төленетін мерзімдік сақтандыру төлемдері.

2.7. **Зейнетақы аннуитеті шарты** – сақтандыру шарты, оған сәйкес Сақтанушы Сақтандырушыға зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал Сақтандырушы Сақтанушының пайдасына өмірлік аннуитеттік төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді;

2.8. **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры** – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

2.9. **Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры** – ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы.

2.10. **Ең төмен зейнетақы** – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшері.

3. Сақтандыру объектісі

3.1. Сақтанушының өмір ұзақтығына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін Сақтанушының мүлктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

4. Сақтанушы

4.1. Заңға сәйкес аннуитеттік төлемдерді алу мақсатында зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқығы бар жеке тұлға Сақтанушы болып табылады.

5. Аннуитент, Пайда алушы

5.1. Қағида талаптарына сәйкес Сақтанушы аннуитент болып табылады.

5.2. Сақтанушы зейнетақы аннуитеті шарты бойынша Пайда алушы болып табылады.

5.3. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері, зейнетақы аннуитеті шартында көзделген және Сақтандырушы төлемеген кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін алады, егер Сақтанушы көзінің тірісінде оларды алмаған немесе толық көлемде алмаған болса.

6. Сақтандыру жағдайы

6.1. Сақтанушының зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген кезеңнің соңына дейін өмір сүруі сақтандыру жағдайы болып табылады, ол аяқталғаннан кейін аннуитеттік төлем жүзеге асырылады.

6.2. Сақтандыру жағдайына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

6.2. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сомасы, сақтандыру жағдайының басталуын және шығындардың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру жағдайлары басталған кездегі іс-әрекеті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

7. Аннуитеттік төлемдердің мөлшері, мерзімі және оны жүзеге асыру тәртібі

7.1. Аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырудың мөлшері мен мерзімдері зейнетақы аннуитеті шарттарымен белгіленеді.

7.2. Мерзімдік аннуитеттік төлемдер ай сайын, тоқсан сайын немесе зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының келісімі бойынша өзге тәртіппен, бірақ Заңның талаптарына сәйкес жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады. Аннуитеттік төлемдер 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайын жүзеге асырылады.

7.3. Сақтандырушы алғашқы аннуитеттік төлемді зейнетақы аннуитеті шарты бойынша Сақтандырушыға жинақталған зейнетақы қаражатын аударған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

7.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін деректемелері зейнетақы аннуитеті шартында

көрсетілетін Сақтанушының банктік шотына аударылады. Аннуитеттік төлемдердің сомасын аударуға, есептеуге және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу, Сақтандырушының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7.5. Аннуитеттік төлемдердің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартының қолданылу кезеңі ішінде жыл сайын, индекстеу мөлшерлемесінің мөлшеріне ұлғаяды. Индекстеу мөлшерлемесі зейнетақы аннуитеті шартында көрсетіледі. Аннуитеттік төлемдердің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартының қолданылу кезеңі ішінде азайтылмайды.

7.6. Аннуитеттік төлемдерге салық салу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

8. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу тәртібі

8.1. Зейнетақы аннуитеті шарты алушының жазбаша өтініші негізінде және Сақтандырушыға қажетті құжаттарды табыстағаннан кейін жасалады.

8.2. Сақтанушы зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде, осы шарттың түпнұсқасын ұсына отырып және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес зейнетақы жинақтарын аудару үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын бұл туралы хабардар етеді.

9. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, мерзімі және оны төлеу тәртібі

9.1. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын есептеуді уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген әдістемеге сәйкес жүзеге асырады.

9.2. Егер Сақтанушының туған күні, жынысы немесе басқа да мәліметтер дұрыс көрсетілмесе, және ол сақтандыру сыйлықақысын дұрыс есептеуге әкеп соқса, онда сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтанушы туралы нақты мәліметтерге сәйкес түзетіледі.

9.3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушыға бір жолғы төлеммен және зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген банктік деректемелерге сәйкес толық көлемде аударуға міндетті. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысын аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыстар мен тәуекелдерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры көтереді.

9.4. Сақтанушының зейнетақы жинақтарын аудару мерзімі өткен жағдайда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Сақтандырушының алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

10. Зейнетақы аннуитеті шартының қолданылу мерзімі мен орны

10.1. Зейнетақы аннуитеті шарты Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген мерзімге және Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жасалады.

10.2. Зейнетақы аннуитеті шарты, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысының сомасын аударған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

10.3. Егер зейнетақы аннуитеті шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырудың қолданылу аумағы Қазақстан Республикасы болып табылады.

11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11.1. Сақтанушы құқылы:

11.1.1. сақтандыру ұйымы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептерімен танысуға;

11.1.2. осы шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін ерікті зейнетақы жарналарын пайдалану;

11.1.3. сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдері мөлшерінің есебін жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тарту;

11.1.4. зейнетақы аннуитеті шартын жоғалтып алған жағдайда оның көшірмесін алуға.

11.2. Сақтанушы міндетті:

11.2.1. зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, осындай шарттың түпнұсқасын ұсына отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын хабардар етуге;

11.2.2. зейнетақы аннуитеті шартын бұзған кезде, зейнетақы аннуитеті шартын бұзу туралы өтінішпен жүгінуге және жаңа зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңа сақтандыру ұйымымен жасасқан шарттың түпнұсқасын беруге.

11.3. Сақтандырушы міндетті:

11.3.1. сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдерінің мөлшерінің есептерімен Сақтанушыны таныстыруға;

11.3.2. зейнетақы аннуитеті шартын үш данада ресімдеуге, оның екеуі Сақтанушыға беріледі;

11.3.3. Қағиданың 11.2.2-тармақшасында көзделген зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған сәттен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде, зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сақтандыру ұйымына сатып алу сомасын аударуға;

11.3.4. зейнетақы аннуитеті шартында көзделген сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде, Сақтанушыға кешіктірілген әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

11.3.5. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға, зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген мөлшерде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінен кем емес мөлшерде жерлеуге арналған жәрдемақы түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға.

11.3.6. аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар фактісі анықталған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге.

11.3.7. зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген мерзімде аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыруға.

12. Зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізу тәртібі, зейнетақы аннуитеті шартын тоқтату, мерзімінен бұрын тоқтату, бұзу және оның жарамсыздығы

12.1. Зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер мен толықтырулар, Тараптардың бірінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

12.2. Зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер мен толықтырулар, Тараптар осындай енгізуге жазбаша нысанда келіскен жағдайда енгізіледі және зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе – Тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енді деп есептеледі.

12.3. Қағиданың 1.1-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем соманы құрайтын болса, зейнетақы аннуитеті шартына сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемінің мөлшерін ұлғайту бөлігінде көрсетілген қалдық сомасын ескере отырып, өзгерістер енгізіледі.

12.4. Қағидада көрсетілмеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі Тараптардың келісімімен айқындалады.

12.5. Орналасқан жері өзгерген кезде Сақтанушы он күн мерзімде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайы туралы хабарлауға міндетті. Кері жағдайда алдыңғы орналасқан жерінің мекенжайы бойынша бағытталған Сақтандырушының кез келген хат-хабары, тараптармен орындалған (жарамды) болып саналады.

12.6. Зейнетақы аннуитеті шарты мынадай жағдайларда өз әрекетін тоқтатады:

12.6.1. зейнетақы аннуитеті шартының қолданылу мерзімі аяқталған;

12.6.2. Сақтандырушы зейнетақы аннуитеті шарты бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындаған;

12.6.3. зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын тоқтатылған;

12.6.4. Сақтанушының/Сақтанушының мұрагері қайтыс болған.

12.6.5. сот зейнетақы аннуитеті шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған кезде.

12.6.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

12.7. Зейнетақы аннуитеті шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

12.8. Зейнетақы аннуитеті шартын, зейнетақы аннуитеті шартын басқа сақтандыру ұйымымен жасасқан жағдайда Сақтанушының бастамасы бойынша ғана, бірақ ол жасалған күннен бастап екі жылдан ерте емес уақытта бұзуға болады.

Зейнетақы аннуитеті шарты бұзылған кезде:

- онда көзделген сатып алу сомасы, жүргізілген сақтандыру төлемдерінің сомасы мен сақтандыру ұйымының іс жүргізуге арналған шығыстарын шегере отырып, төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасынан кем болмауы тиіс;

- жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан түсетін ай сайынғы сақтандыру төлемдерінің мөлшері, жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шартының күнінде қолданыста болған ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болуы мүмкін емес.

12.9. Зейнетақы аннуитеті шартын жарамсыз деп танудың негіздері мен салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

13. Дауларды шешу тәртібі. Қосымша талаптар

13.1. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша туындайтын даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

13.2. Егер зейнетақы аннуитеті шартында өзгеше көзделмесе, Қағиданың және зейнетақы аннуитеті шартының талаптары әртүрлі оқылған жағдайда Қағида басым күшке ие болады.

13.3. Қағидамен және зейнетақы аннуитеті шартымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.